

Қала құрылышы және құрылым жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 305 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 сәуірде № 10636 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.12.2015 № 751 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылым қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 11-3) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қала құрылышы және құрылым жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.12.2015 № 751 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 2 сәуірдегі
№ 305 бұйрығымен бекітілген

Қала құрылышы және құрылыш жобалары (техникалық-экономикалық негізdemелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 17.07.2017 № 477 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қала құрылышы және құрылыш жобалары (техникалық-экономикалық негізdemелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 11-3) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар қала құрылышы және құрылыш жобалары (техникалық-экономикалық негізdemелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу тәртібін анықтайды.

3. Құрылыш жобалары бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу және беру кезінде сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган ведомствоның бірыңғай порталымен интеграцияланған ақпараттық жүйелер пайдаланылады.

Қала құрылышы жобалары бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу және беру кезінде сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган ведомствоның бірыңғай порталымен интеграцияланған мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

Ерекше индустримальық аймақтың аккредиттелген сараптама ұйымы ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу кезінде құпиялылық белгісі бар немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" ("ҚБПУ") белгісі бар құрылыш жобаларын (ТЭН және ЖСК) қоспағанда, сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган ведомствоның бірыңғай порталымен интеграцияланған мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесі арқылы барлық ресімдер мен операцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

4. Осы Қағидаларда ведомстводан тыс кешенді сараптама және кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу кезінде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бастапқы құжаттар – ведомстводан тыс кешенді сараптамаға (қала құрылышы сараптамасына) ұсынылған кезде құрылыш жобаларына қоса берілетін құжаттар (материалдар, деректер), олардың негізінде осы жоба өзірленеді;

2) жобалау саласындағы сарапшы (бұдан әрі – сарапшы) – жобалардың белгілі бір бөлімдері (бөліктері) бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған, сараптама ұйымдарының бірінің штатында тұрған жеке тұлға;

3) қала құрылышының жобаларын – аумақтар мен елді мекендерді немесе олардың бөліктерін ұйымдастыруды, дамыту мен салуды кешенді қала құрылышын жоспарлау жөніндегі түпкі ойдан (Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасы, аумақты дамытудың аймақаралық схемалары, аумақтарды қала құрылышына жоспарлаудың кешенді схемалары, елді мекендердің бас жоспарлары, нақты жоспарлау жобалары, өнеркәсіп аймақтарын жоспарлау жобалары, құрылыш салу жобалары, объектілер мен кешендердің бас жоспарлары, абаттандыру және көгалдандыру жобалары, өзге де жоспарлау жобалары) тұратын жобаларды;

4) құрылыш жобасын (құрылыштық жобаны) – көлемдік-жоспарлық, конструкциялық, технологиялық, инженерлік, табиғат қорғау, экономикалық және өзге де шешімдерді қамтитын жобалау (жобалау-смета) құжаттамасын, сондай-ақ құрылышты ұйымдастыру мен жүргізуге, аумақты инженерлік жағынан дайындауға, абаттандыруға арналған сметалық есептеулерді қамтиды. Құрылыш жобаларына аяқталмаған объектілер құрылышын консервациялау және өз ресурсын тауысқан объектілерді кейіннен қәдеге жарату жобалары да жатады;

5) тапсырыс беруші – қызметін Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Жобаның (бағдарламаның) тапсырыс беруші-инвесторы, тапсырыс беруші (меншік иесі), құрылыш салушы не олардың уәкілетті адамдары қызмет мақсаттарына қарай тапсырыс беруші бола алады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі)
бүйрығымен.**

2-тарау. Құрылыш жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындыларын рәсімдеу тәртібі

5. Мемлекеттік немесе аккредиттелген сараптама ұйымдары, сондай-ақ ерекше индустріялық аймақтың аккредиттелген сараптама ұйымы өз құзыреті шегінде жобаланатын объектінің функционалдық мақсатын ескере отырып:

- 1) тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттардың;
- 2) өндірістік мақсаттағы объектілердің;

- 3) инфрақұрылым объектілері бар инженерлік коммуникациялардың;
- 4) инфрақұрылым объектілері бар көлік коммуникацияларының;
- 5) көпірлердің, көпір өткелдерінің, жол өткелдерін, тоннельдердің және өзге де көпір құрылыштарының;

6) өзге де функционалдық мақсаттағы объектілердің құрылышына арналған техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындыларын ресімдейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.04.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Сараптамалық қорытындылар:

1) жоба (техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама) бойынша негізгі деректерді, атап айтқанда "Фимараттар мен құрылыштарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10666 болып тіркелген) Фимараттар мен құрылыштарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларына сәйкес жобага қоса берілетін, тапсырыс беруші сараптамаға ұсынған міндettі бастапқы құжаттарды (материалдарды, деректерді) көрсете отырып, жобаның, тапсырыс берушінің, бас мердігердің, қосалқы мердігердің атауын, фимараттың немесе құрылыштың жауапкершілік деңгейін;

2) бөлімнің атауын, аттестаттың нөмірін көрсете отырып, аттестатталған сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және бөлімнің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жобалауға арналған бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) шарттарына сәйкестігі (сәйкесіздігі), сондай-ақ жобалық шешімдер мен есептерде талаптардың сақталуы туралы ақпаратты;

3) ведомстводан тыс кешенді сараптама нәтижесінде алынған жинақтаушы ұсыныстарымен және (немесе) өзге тұжырымдарымен қаулы ететін бөлімді қамтиды.

Оң қорытынды берілген жағдайда жобаның (техникалық-экономикалық негіздеменің немесе жобалау-сметалық құжаттаманың) соңғы нұсқасына сілтемемен QR-код көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.04.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-1. Алып тасталды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.04.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ведомстводан тыс кешенді сараптаманың теріс сараптама қорытындысы Қағидаларында белгіленген жағдайларда жасалады және тапсырыс берушіге жіберіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – КР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 04.08.2018 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындылары мемлекеттік сараптама ұйымдарының сараптамалық қорытындылар нысанында жасалады және:

1) республикалық деңгейде қаралған жобалар бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру лауазымдық функцияларына кіретін сараптама ұйымының бірінші басшысының не оның орынбасарының;

2) өнірлік деңгейде қаралған жобалар бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру лауазымдық функцияларына кіретін сараптама ұйымының аумақтық бөлімшесінің және өзге де оқшауланған бөлімшесі басшысының не оны алмастыратын адамның;

3) сараптама бөлімдерінің басшылары немесе жобаланатын объектінің функционалдық мақсатына немесе жобаның тиісті бөлімдеріне (бөліктеріне) байланысты осы жоба бойынша басшылық қызметтерді атқаратын мамандардың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен расталады.

Мемлекеттік сараптама ұйымының сараптамалық қорытындысы оларға жоғарыда көрсетілген лауазымды тұлғалар қол қойғанға дейін республикалық деңгейде осы жобаны қарау жөніндегі сараптама комиссиясы басшысының не өнірлік деңгейде қаралған жобалар бойынша аумақтық бөлімшелер басшысының шешімімен құрылған (қалыптастырлған) сараптама топтарының мүшесі болып табылатын (аттестталған штаттан тыс сарапшыларды қоса алғанда) осы жобаның әрбір бөлімдері бойынша аттестатталған сарапшылардың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен расталады.

Құпия деген белгісі немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" ("ҚБПУ") деген белгісі бар техника-экономикалық негіздемесінің және жобалау-сметалық құжаттамасының жинағының соңғы редакциясы сарапшының аты, жөні және тегі (бар болса), лауазымы, атtestat nөmірі және берілген күні көрсетіліп, қағаз түрінде мөрмен расталады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.04.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Аккредиттелген сараптама ұйымдары құрылыш жобалары бойынша жалпы тәртіппен жүргізетін ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындылары палата белгілеген аккредиттелген сараптама ұйымдарының сараптамалық қорытындылары нысанында жасалады және:

1) осы сараптама ұйымы басшысының не оны алмастыратын адамның;

2) жобаланған объектінің функционалдық мақсатына немесе жобаның тиісті бөлімдеріне(бөліктеріне) байланысты осы жоба бойынша басшылық функциясын атқаратын мамандардың;

3) аттестатталған штаттан тыс сарапшыларды қоса алғанда, қаралатын жобаның әрбір бөлімі (бөлігі) бойынша аттестатталған сарапшылардың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен расталады.

9-1. Алып тасталды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.04.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-2. Ерекше индустриялық аймақтың аккредиттелген сараптама ұйымының құрылыш жобалары бойынша жалпы тәртіппен жүргізілетін ведомстводан тыс кешенді сараптамасының қорытындылары ерекше индустриялық аймақтың аккредиттелген сараптама ұйымының сараптама қорытындысы нысанында жасалады және:

1) осы сараптама ұйымы басшысының немесе оны алмастыратын адамның;

2) жобаланатын объектінің немесе жобаның тиісті бөлімдерінің (бөліктерінің) функционалдық мақсатына қарай осы жоба бойынша басшылық функцияларды орындайтын мамандардың;

3) тартылған штаттан тыс аттестатталған сарапшыларды қоса алғанда, қаралатын жобаның әрбір бөлімі (бөліктері) бойынша аттестатталған сарапшылардың электрондық-цифрлық қолтаңбаларымен куәландырылады.

Ескерту. 9-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.04.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылышы регламентациясын талап ететін арнайы объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттамасын кезең-кезеңмен әзірлеудің және келісудің жеке жоспарын әзірлеу мен келісу тәртібінде жүргізілетін сараптаманың қорытындысы:

1) жобаның әрбір жеке іске қосу кешендері (кезектері, участеклері) бойынша оны оң бағалау кезінде жобаның осы бөлімін бекітуге ұсынымы бар жергілікті сараптамалық қорытындылар;

2) жалпы осы жоба бойынша мемлекеттік сараптама аяқталғаннан кейін жиынтық сараптамалық қорытынды нысанында жасалады.

11. Мемлекеттік сараптама ұйымы құпия деген белгісі немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" (ҚБПУ) деген белгісі бар құрылыш жобалары (ТЭН және ЖСК) бойынша жүргізген ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорындысы қағаз тасығышта ресімделеді және тапсырыс берушіге беріледі.

Құпия деген белгісі немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" (ҚБПУ) деген белгісі бар құрылыш жобалары бойынша сараптаманың қорытындысы негізгі құрылыш жобаларының сараптама қорытындыларынан бөлек есепке алынады және тіркеледі.

12. Сараптама ұйымдары тапсырыс берушіге берген ведомстводан тыс кешенді сараптама жиынтық қорытындыларына тіркеу нөмірлерін бере отырып, олардың міндettі есебін жүргізеді.

3-тарау. Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасының қорытындыларын ресімдеу тәртібі

13. Сарапшылар сараптама қорытындысын тапсырыс берушіге беру үшін осы Қағидалардың 4-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген және сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кешенді қала құрылышы сараптамасына жататын жобаларды қараудың нәтижелері бойынша кешенді қала құрылышы сараптамасының сараптама қорытындысын жасайды, оны Қағидалардың осы тарауында көзделген рәсімдегі сәйкес ресімдейді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

14. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

15. Кешенді қала құрылышы сараптамасының сараптамалық қорытындысы:

1) жоба бойынша негізгі деректерді, атап айтқанда қала құрылышы жобасының, тапсырыс берушінің, бас мердігердің, қосалқы мердігердің атауын, сондай-ақ жобаға қоса берілетін тапсырыс беруші сараптама бойынша ұсынған міндettі бастапқы құжаттарды (материалдарды, деректерді) көрсете отырып, қала құрылышы жобасының деңгейі туралы ақпаратты көрсетуді;

2) бөлімнің атауы, аттестаттың нөмірін көрсете отырып, аттестатталған сарапшының аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) және бөлімнің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жобалау үшін бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) талаптарына сәйкестігі (сәйкессіздігі), сондай-ақ жобалық шешімдерде және талаптар есептеулерінде мемлекеттік нормативтердің сақталуы туралы ақпаратты;

3) кешенді қала құрылышы сараптамасы нәтижесінде алынған жинақтаушы ұсыныстарымен және қала құрылышы жобасының сапасына кешенді баға тұжырымдарымен және (немесе) өзге тұжырымдарымен қаулы белгін көздейді.

Оң қорытынды берілген жағдайда, құпиялық белгісі немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" ("ҚБПУ") белгісі бар қала құрылышы жобалары бойынша сараптамалық қорытындыларды қоспағанда, қала құрылышы жобасының соңғы нұсқасына сілтемесі бар QR-код ұсынылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыш министрінің м.а. 11.04.2025 № 122 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

16. Алып тасталды - КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

16-1. Қала құрылышы жобалары бойынша кешенді қала құрылышы сараптамасының қорытындылары мемлекеттік сараптама ұйымының сараптама қорытындысы нысанында жасалады және:

1) жалпымемлекеттік маңызы бар (Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының жобалары, аумақты дамытуудың өнірараптық схемалары) немесе мемлекетаралық маңызы бар, сондай-ақ халықтың есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын қалалардың бас жоспарлары бойынша сараптама ұйымының бірінші басшысының;

2) облыстардың (аудандардың) аумақтарын қала құрылышы жоспарлаудың кешенді схемаларының жобалары бойынша – лауазымдық функцияларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізууді ұйымдастыру кіретін сараптама ұйымы басшысы орынбасарының не оны алмастыратын адамның;

3) облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің және халықтың есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі басқа да елді мекендердің бас жоспарларының жобалары, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыш салу жобалары бойынша – лауазымдық функцияларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізууді ұйымдастыру кіретін сараптама ұйымы басшысы орынбасарының не аумақтық бөлімше немесе сараптама ұйымының өзге де оқшауланған бөлімшесі басшысының;

4) сараптама бөлімдері бастықтарының электрондық-цифрлық қолтаңбалармен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылады.

Мемлекеттік сараптама ұйымының сараптама қорытындылары оларға жоғарыда аталған лауазымды адамдар қол қойғанға дейін осы жобаның әрбір тарауы (бөлімі) бойынша аттестатталған сарапшылардың ЭЦҚ куәландырылады.

Ескерту. 3-тaraу 16-1-tarмақpen толықтырылды – КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

16-2. Құпиялыштық белгісі немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" ("ҚБПУ") белгісі бар қала құрылышы жобалары бойынша жүргізілген, мемлекеттік сараптама ұйымы берген кешенді қала құрылышы сараптамасының қорытындылары қағаз жеткізгіште осы Қағидалардың 15-тармағының талаптарына сәйкес ресімделеді және тапсырыс берушіге беріледі және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, аттестат нөмірі және берілген күні көрсетілген сарапшының мөрімен куәландырылады.

Ескерту. 3-тaraу 16-2-tarмақpen толықтырылды – КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - КР Өнеркәсіп және құрылыш министрінің м.а. 11.04.2025 № 122 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүқтарымен.

17. Кешенді қала құрылышы сараптамасының теріс қорытындысы "Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12414 болып тіркелген) Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу қағидаларында белгіленген жағдайларда жасалады және тапсырыс берушіге жіберіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Мемлекеттік сараптама ұйымы тапсырыс берушілерге оларға тіркеу нөмірлерін бере отырып кешенді қала құрылышы сараптамасы қорытындыларының есебін жүргізеді.

Ескерту. 3-тaraу 18-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 25.07.2023 № 541 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.